

Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті мен Корей Республикасы Аудит және инспекция басқармасы арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 қаңтардағы N 30 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті мен Корей Республикасы Аудит және инспекция басқармасы арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті мен Корей Республикасы Аудит және инспекция басқармасы арасындағы Ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті мен Корей Республикасы Аудит және инспекция басқармасы,

Жоғары қаржылық бақылау органдары халықаралық ұйымының (ИНТОСАИ) мақсаттары мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып,

өзара құрмет, сенім, тең құқықтық пен өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттарын негізге ала отырып,

мемлекеттік қаржылық бақылаудың тиімділігін арттыруға өзара ұмтылуды білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өз құзыретінің шеңберінде мынадай негізгі бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады:

а) мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асырудың әдіснамасы мен тәртібі саласында тәжірибе алмасу;

б) кадрларды кәсіби оқыту және олардың біліктілігін арттыру саласында өзара

і с - қ и м ы л

ж а с а у ;

в) бірлескен зерттеулер, семинарлар, конференциялар және жұмыс бабындағы кездесулер ұйымдастыру және өткізу;

г) мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыру мәселелеріне жататын ұлттық заңнамалық кесімдер, кәсіби ақпарат және әдістемелер алмасу.

Тараптар өз құзыретінің шегінде өзара қызығушылық танытатын басқа бағыттардағы ынтымақтастықты дамытады.

2-бап

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің шеңберінде ақпараттар мен материалдар алмасу кезінде халықаралық ақпарат алмасуға қатысуды, мемлекеттік құпияларды және өзге де заңмен қорғалатын құпияларды қорғауды реттейтін өз мемлекетінің ұлттық заңнамасын басшылыққа алады.

Бірлескен зерттеулер жүргізу кезінде Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің ұлттық заңнамасын басшылыққа алады.

3-бап

Тараптардың әрқайсысы, егер ақпаратты ұсынып отырған Тарап оны таратуды дұрыс деп таппаған жағдайда, алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

4-бап

Тараптар мемлекеттік қаржылық бақылауды, өз қызметкерлерінің кәсіби даярлығы мен біліктілігін көтеруді жүзеге асыру мен жетілдіру саласында тәжірибе алмасу мақсатында өзара делегациялар жіберуді практикаға енгізеді.

5-бап

Осы Келісімнің шеңберінде іс-шараларды өткізу жөніндегі шығыстарды Тараптардың әрқайсысы өз есебінен дербес жүзеге асырады.

6-бап

Қажет болған жағдайда Тараптар осы Келісімді іске асыруға байланысты мәселелер бойынша бір-біріне консультациялар беріп отырады.

7-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін. Барлық өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайды және жеке хаттамалармен ресімделетін болады.

8-бап

Осы Келісім олар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешетін болады.

10-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың біреуі екінші Тараптан оның қолдануын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

2005 жылғы 19 қаңтарда Алматы қаласында әрқайсысы қазақ, корей, орыс және ағылшын тілдерінде, екі түпнұсқалық данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші б і р д е й .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

<i>Қазақстан Республикасы</i>	<i>Корей Республикасы Аудит</i>
<i>Республикалық бюджеттің</i>	<i>және инспекция басқармасы</i>
<i>атқарылуын бақылайтын есеп</i>	<i>үшін</i>
<i>комитеті үшін</i>	
Омархан Нұртайұлы Өксікбаев	ДЖОН Юн Чхоль